

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды  
консультациялық сұйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау  
әдістемесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 47 бұйрығы

**3ҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізу тәртібін 4-тармақтан қараңыз**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереже 15-тармағының 67) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сұйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы секторын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін қосымшасының 6-тармағын қоспағанда, осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары – Ұлттық  
экономика министрі  
2025 жылғы 30 мамырдағы  
№ 47 Бұйрыққа қосымша

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау әдістемесі**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) МЖӘ жобаларын консультациялық сүйемелдеу жөніндегі бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражатын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және ұсынымдық сипатқа ие.

2. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетіletіn қызметтердің құнын (бұдан әрі – көрсетіletіn қызметтер) орталық және жергілікті атқарушы органдар осы Әдістемеге сәйкес айқындаиды.

3. МЖӘ жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетіletіn қызметтер:

1) Мемлекеттік бастама жағдайында жекеше әріптесті конкурс тәсілімен айқындау кезінде:

конкурстық құжаттаманы әзірлеуді, оның ішінде:

конкурстық шарттарды әзірлеуді;

жоба бойынша ақпараттық парапты әзірлеу немесе техникалық-экономикалық негіздемені (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеуді;

әлеуетті инвесторларды іздеу және тарту бойынша іс-шаралар өткізу, оның ішінде жария презентациялар, роуд-шоулар, конференциялар, жарнамалық науқандар өткізу (қажет болған жағдайда);

МЖӘ шартының жобасын әзірлеуді;

бекітілген конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (түзету);

МЖӘ шарты бойынша, оның ішінде жекеше әріптестің кредиторларымен тікелей келісім бойынша келіссөздерге қатысады (қажет болған жағдайда);

2) жекеше бастама жағдайында жекеше әріптесті конкурс тәсілімен айқындау кезінде:

конкурстық құжаттаманы әзірлеуді, оның ішінде:

конкурстық шарттарды әзірлеуді;

жана объектілер салуды, қолданыстағы объектілерді (ғимараттарды, құрылыштарды және олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (реконструкциялауды, кеңейту (техникалық қайта жарақтандыруды, жаңғыртуды, құрделі жөндеуді) көздейтін жобалар үшін ТЭН-нің техникалық-технологиялық бөлімін әзірлеуді;

әлеуетті инвесторларды іздеу және тарту бойынша іс-шаралар өткізу, оның ішінде жария презентациялар, роуд-шоулар, конференциялар, жарнамалық науқандар өткізу (қажет болған жағдайда);

МЖӘ шарты бойынша, оның ішінде жекеше әріптестің кредиторларымен тікелей келісім бойынша келіссөздерге қатысады (қажет болған жағдайда);

3) жекеше әріптесті тікелей келіссөздер тәсілімен айқындау кезінде:

МЖӘ шарты бойынша, оның ішінде жекеше әріптестің кредиторларымен тікелей келісім бойынша келіссөздерге қатысады (қажет болған жағдайда) қамтиды.

## **2-тaraу. МЖӘ жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын есептеу**

4. МЖӘ жобасының ерекшеліктеріне байланысты нақты көрсетілетін қызметтің құнын есептеу үшін МЖӘ жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтің құнына түзету коэффициенттері осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес тиісті коэффициенттер сомасын 1 адам-сағат құнына және нормативтік еңбек шығындарына көбейту жолымен пайдаланылады:

$$P = c * 1 * (k1 + k2) + \text{exp},$$

мұндағы: P – қосылған құн салығын есепке алмағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызмет құны;

c – қосылған құн салығын есепке алмағанда, 1 адам-сағат құны;

1 – қызмет көрсетуге арналған базалық нормативтік еңбек шығындары, осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес;

k – көрсетілетін қызметтер құнына түзету коэффициенттері;

exp – жобалау-сметалық құжаттаманы, үлгілік жобаны, үлгілік жобалау шешімін, қайта қолдану жобасын (қажет болған жағдайда) байланыстыруға арналған шығыстар.

Респубикалық жобалар бойынша 1 адам-сағат құны қосылған құн салығын есепке алмағанда, 6 358,57 (алты мың үш жүз елу сегіз теңге елу жеті тиын) теңгені құрайды.

Жергілікті жобалар бойынша адам-сағат құны консультациялық сүйемелдеу көрсететін занды тұлғаны айқындайтын жергілікті атқарушы органның тиісті құқықтық актісімен бекітіледі.

5. Жобалау құжаттамасын дайындау жөніндегі жұмыстың құнын, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы, үлгілік жобаны, үлгілік жобалау шешімін, қайта қолдану жобасын байланыстыру жөніндегі шығыстарды есептеу "Құрылыштағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 223-НҚ бүйріғына сәйкес жүзеге асырылады.

6. МЖӘ жобаларын консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтерге аккредиттелген занды тұлғалар тартылады. МЖӘ жобаларының ерекшелігін негізге ала отырып, қызметтерді жеткізуі үшінші тараптардың қызметтерін тартады (қажет болған жағдайда).

**Ескерту. Қосымшаның 6-тармағы 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы бүйрықтың 4-тармағымен.**

Мемлекеттік-жекешелік  
әріптестік жобаларын  
консультациялық сүйемелдеу  
бойынша көрсетілетін  
қызметтер құнын айқындау  
әдістемесіне  
1-қосымша

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнына түзету коэффициенттері**

№	Ерекшелік	Коэффициент мәні, k
1	МЖӘ объектісін құрудың болжамды құны:	
	4 000 000 айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) төмен	0,8
	4 000 000 АЕК-тен жоғары	1,2
2	Техникалық күрделі және бірегей жобаларға арналған салалық коэффициент:	
	құны 4 000 000 АЕК-тен төмен жобалар үшін;	1
	құны 4 000 000 АЕК-тен жоғары жобалар үшін.	2

Ескерту:

\* бюджеттік бағдарламалар әкімшісі айқындаиды

Мемлекеттік-жекешелік  
әріптестік жобаларын  
консультациялық сүйемелдеу  
бойынша көрсетілетін  
қызметтер құнын айқындау  
әдістемесіне  
2-қосымша

**Көрсетілетін қызметтің бірлігіне базалық нормативтік енбек шығындары**

№ p/c	Көрсетілетін қызмет түрі	адам-сағат
1	Конкурстық құжаттаманы әзірлеу, оның ішінде:	
1.1	Конкурстық шарттарды әзірлеу; Ақпараттық парапты әзірлеу	200 дейін 1500 дейін
	Жаңа объектілер салуды, колданыстағы объектілерді (ғимараттарды, құрылыштарды	

	және олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгертуді (реконструкциялауды, кеңейтуді, техникалық қайта жарақтандыруды, жаңғыртуды, күрделі жөндеуді) көздемейтін жобалар үшін техникалық-экономикалық негізdemenі (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеу	1500 дейін
1.2	Жаңа обьектілер салуды, қолданыстағы обьектілерді (ғимараттарды, құрылыштарды және олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгертуді (реконструкциялауды, кеңейтуді, техникалық қайта жарақтандыруды, жаңғыртуды, күрделі жөндеуді) көздейтін жобалар үшін ТЭН әзірлеу	2500 дейін
	Жекеше бастама кезінде жаңа обьектілер салуды, қолданыстағы обьектілерді (ғимараттарды, құрылыштарды және олардың кешендерін, коммуникацияларын) өзгертуді (реконструкциялауды, кеңейтуді, техникалық қайта жарақтандыруды, жаңғыртуды, күрделі жөндеуді) көздейтін жобалар үшін ТЭН-нің техникалық-технологиялық бөлімін әзірлеу	1000 дейін
1.3	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) шартының жобасын әзірлеу	1500 дейін
2	Бекітілген конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (түзету)	1500 дейін
3	Өлеуетті инвесторларды іздеу және тарту бойынша іс-шаралар өткізу, оның ішінде жария презентациялар, роуд-шоулар, конференциялар, жарнамалық науқандар өткізу (қажет болған жағдайда)	500 дейін
4	МЖӘ шарты бойынша, оның ішінде жеке әріптестік кредиторларымен тікелей келісім бойынша келіссөздерге қатысу (қажет болған жағдайда)	500 дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК